

Бекітемін:
Мектеп директоры: Ж.Махметов



**«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» вариативтік бөлімі: ұсақ-қол моторикасын
дамытамыз**

(балалардың қызығушылығына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет)

Тобы: «Қарлығаш» ортаңғы тобы

Барлығы: 36 сағат, аптасына 1 сағат

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

ҚР Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары 2022 жылғы 09 қыркүйектен № 394 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен мен толықтырылулармен, Қазақстан Республикасы Білім және министрінің атқарушының ғылым міндетін 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына негізделіп ортаңғы топтарға 1 сағат вариативтік бөлімді жүзеге асыру бағытында 1 сағаты «Біртұтас тәрбие» атты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын жүзеге асыру жағдайында «Барлығына қолжетімді сапалы білім» бағдарламасы (2023-2027 жж) мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жоспарланды.

Мақсаты: балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау

Міндеттері:

- адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге үйрету;
- Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету;
- Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.
- Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.
- Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жалпы көлемі – 1 сағат.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы 20-25 минут.

Ортаңғы топтарға арналған
(балалардың қызығушылығына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет)
«Біртұтас тәрбие» вариативтік бөлімі

№	Тақырыбы	Мақсаты	сағаты
1	Пазлдар жинау	Балалар түрлі-түсті немесе күрделі пазлдарды құрастырып, саусақтарын жаттықтырады.	1
2	Түймелерді тағу және шешу	Киімдегі түймелерді шешіп, қайта тағу дағдылары саусақ қимылдарын дамытады.	1
3	Сазбен жұмыс жасау (пластилин)	Сазды илеп, әртүрлі мүсіндер жасап, балалардың саусақ бұлшықеттері жетіледі.	1
4	Сурет салу және бояу	Бояу кітаптарын пайдаланып, түрлі-түсті қарындаштармен сурет салу балаға өз ойларын жүзеге асыруға және қол қимылдарын жаттықтыруға мүмкіндік береді.	1
5	Қайшымен қағаз қию	Балалар қайшымен қағазды әртүрлі пішіндерге қия отырып, дәлдік пен ұқыптылықты үйренеді.	1
6	Бисер немесе моншақтарды тізу	Ұсақ заттарды бір жіпке тізіп, балалардың қолдары жаттығып, шыдамдылық пен зейінділікке үйренеді.	1
7	Асықты іліп алып, түстерді тап ойыны	Балалар түстерді ажыратып, сәйкестендіріп, орналастырады.	1
8	Оюды құрастыр	Балалардың ою-өрнек элементтерін танып білуіне және олардың қайталану үлгілерін құрастыруына көмектесу.	1
9	Оюды таны	Ою түрлерін тануға және есте сақтауға үйрету.	1
10	Өз оюыңды жаса	Балалардың қиялын дамыту және ұлттық элементтерді қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.	1
11	Ою-өрнекпен бояу	Балалардың назарын дамыту, түстер мен элементтерді сәйкестендіру.	1
12	Оюларды сәйкестендір	Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	

13	"Шаш өру" ойыны	Балалардың қол моторикасын және зейінін дамыту, ұлттық дәстүрлерді үйрену.	1
14	"Қамшы өру" ойыны	Қол моторикасын жетілдіру, ұлттық мәдениетті таныстыру.	1
15	"Киіз басу" ойыны	Балаларға қазақ халқының киіз басу дәстүрін таныстыру. - Ұсақ моториканы, шыдамдылықты және ұжымдық жұмысты дамыту. - Шығармашылық және эстетикалық қабілеттерін арттыру.	1
16	"Жіппен тоқу" ойыны	- Балалардың ұсақ моторикасын және зейінін дамыту. - Жіппен тоқудың қарапайым әдістерін үйрету. - Шығармашылық қабілеттерін жетілдіру және қазақ халқының қолөнерімен таныстыру.	1
17	Алшы ойыны	Ойынның ең танымал түрі. Ойыншылар белгілі бір қашықтықтан кезекпен асық атады. Асық түскен жағына қарай ұпай беріледі: асық "алшы" түссе, ең жоғары ұпай беріледі, ал "тәйке", "бүк", "шік" түскен жағдайда ұпай азаяды.	1
18	Хан (хан ату)	Бұл ойында арнайы таңдалған бір асық "хан" деп аталады. Ойыншылардың мақсаты — алшадан асықтарды ата отырып, соңында "ханды" құлату.	1
19	Омпы	Асықты белгілі бір биіктіктен лақтырып, оның тік тұрған күйінде түсуін мақсат етеді. Егер асық "омпы" түссе, ойыншы ұтысқа ие болады.	1
20	Шеңбер	Жерге шеңбер сызылады, оның ішіне асықтар қойылады. Ойыншылар шеңбер сыртынан асықтарды атады, шеңберден шыққан асықтар ойыншының еншісіне түседі. Шеңберден	1

		шықпай қалған асықтар қайта орнына қойылады.	
21	Тас қала	Бұл ойында асықтарды белгілі бір биіктікке қалап, алыстан атып түсіру қажет. Кім асықты көп құлатса, сол жеңеді.	1
22	Қақпақыл	Қолда бірнеше асықты көтеріп, оларды ауаға лақтырып, қайта қағып алу ойыны. Ойыншы қанша асықты қатарынан қағып алса, сонша ұпай алады.	1
23	Қыз қуу	Ойын қуанышты көңіл-күй мен жарыс рухын көрсетеді.	1
24	Қол күрес	Балалардың қол бұлшықеттерін нығайту, күш пен икемділікті арттыру.	1
25	Теңге ілу	Қолдың шапшаңдығын, икемділігін және дәлдігін дамыту.	1
26	Асық ату	Қол мен саусақтардың үйлесімді жұмысын және дәлдікті дамыту.	1
27	Оюды тап	Ою-өрнек элементтерін есте сақтау қабілетін дамыту	1
28	Өзіңнің оюыңды жаса	Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және ұлттық элементтерді қолдана отырып, өз қиялымен ою жасауға үйрету.	
29	Оюды боя	Логикалық ойлау және сурет аяқтауды үйрену.	1
30	Оюлар эстафетасы	Балалардың қол моторикасын және командалық жұмыс дағдыларын дамыту.	1
31	"Шаш қию" ойыны	Ұсақ моторикасын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін арттыру. Тәртіптілікке, тазалыққа және күтім мәдениетіне үйрету. Әртүрлі мәдениетке байланысты дәстүрлерді түсіндіру.	1
32	Асық ату	Көзді дәлдеуі мен қол моторикасын дамыту.	1
33	Асық жинау	Қол моторикасын және көзбен көру қабілетін дамыту.	1
34	Асықтан басып шығу	Физикалық белсенділігін және қозғалыс координациясын дамыту.	1

35	Асық ойнау	Өртүрлі асық ойындарының негіздері мен ережелерін үйрету.	1
36	Түсті әлем	Түстерді тану және бояумен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.	1
37	Қазақтың ұлттық киімдерін тану	Ұлттық киімдердің суреттерін бояту, ұлттық киімдер киіп ойындар ойнату.	1
38	Сақина салу	Сақина салу ойыны арқылы зейінін және байқағыштығын арттыру	1
39	Қамшы ілу	Қамшыны белгілі бір нысанаға дәлдеп ілу дағдысын арттыру, көздеу қаблеттері және ойлау шапшаңдықтарын дамыту.	1